

Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратын қайта құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 13 сәуір 1994 ж. N 1656

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына Z933600_ сәйкес және Қазақстан Республикасының Президенті мен Республика үкіметінің конституциялық өкілеттігін неғұрлым толық қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының функциясын ажырату мақсатында қаулы етемін:

1. Қазіргі Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппаратын бөлу жолымен ол Қазақстан Республикасы Президентінің Аппараты және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Іс Басқармасы болып қайта құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Премьер-министрі, Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының басшысына екі апталық мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің Аппараты мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Іс басқармасының құрылымы мен штатын бекітуге табыс етсін.

3. Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан

Республикасы Министрлер Кабинеті Аппаратының жұмыстан босатылатын қызметкерлеріне еңбек заңдарына сәйкес кепілдіктер беріледі және өтем жасалады деп белгіленсін.

4. Осы Жарлық Заң күшіне ие және қазіргі заңдарға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін қолданылады.

5. Осы Жарлық қол қойылған сәтінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Алматы. 1994 жылғы 13 сәуір

N 1656

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК